




«Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп 1914 жылы жазған бір мақаласында айтқандай,

азаматтары жоғары оқу орнын бітірмесе де, ғылыми атағы жоқ болса да, ұлтының зиялысы бола білген. Неге? Себебі, өмірінің бар мақсаты — қарақан басының рахаты емес, ел қамы, ел зары, ел тағдыры үшін күресу. Жаны мен ары ұлт үшін таразыда тұрған. Қандай да бір қысталаң заман болсын, ұлттың рухын түсірмеу үшін, қазақ жерінің тұтастығын қалай болса да сақтап қалу үшін жанын қиюға дайын тұрған, тұлға бойында ұлттың мұң-зары бар қайраткер. Зиялылар кез келген

көсеміне айналған Әлихан Бөкейхан ұлт зиялысы, жанашырына мынадай анықтама берді: «Ұлттық зиялылар сапына өз халқына саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда қызмет етпекші болған зиялылар кіре алады. Халқын ұлт ретінде қалыптастыру, яғни жерсуы бөлек, тілі мен діні тұтас халық бұқарасын бірлікке келтіріп, саяси, әлеуметтік біртектікке келтіру сияқты ұлы және тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі де «ұлттық зиялыларға жүктеледі»,—деп атап

айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қалуы керек», — деген болатын. Яғни, бұл өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат деген емеурінді танытады.

—Данышпан Абайдың: «Өздеріңді түз-елер дей алмаймын. Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың»,—дегендегі «ырқың» — осы ырқы. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң, ырқың кеткені емес пе?!

— Үшінші ұстаным:

үрдісінің жалғасы. Тарих атты қарт шежіренің қалың қойнауларынан атойлаған қайсар халық рухының сабақтастығы.

Әлихан әрқашанда қазақ жүрегінде жеке дара тұлға болып қала бермек.

Осындай жүрегі елім-жерім, халқым деп соққан, бүкіл саналы ғұмырын ұлтының бостандығы мен дербестігі үшін арнаған асыл азаматтарымыздың ұлтжанды пікірлері, әрекеттері жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Ел еркіндігі мен ұлт бостандығы үшін құрбан болған ұлт зиялыларының артына

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ— ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

соңғы демі біткенше осы сертіне адал болып қалған ғасыр саңлағы, Алаш ұлтының көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында өтетін болды. Бұл — барша қазақ үшін үлкен қуаныш.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың неше бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді, ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді, қатты ұрыс салып жүргенде қапы кетті, ханның басы қанжығада кете барды... Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірі қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдеді. XIX ғасырдың соңын, XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ахмет, Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар Алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды.

Ұлт тарихы — талай тауқыметті, ұзын сонарлы, түрлі кезеңдер мен «тар жол, тайғақ кешулерден», қилы-қилы замандарды бастан кешкен тарих. Ал, Алаш тарихы, Алаш қозғалысы—ұлт тарихының ең бір тағылымды кезеңі ұлы тұлға Әлихан Бөкейхан еді.

Әлихан Бөкейхан—нағыз ұлт жаршысы, зиялысы. Зиялы — қай кезде болсын ар тазалығын жоғары ұстаған тұлға. Алаштың асыл

ұлтта көп бола бермейді. Халық өз зиялысына ат беруде де, атақ беруде де еш жаңылысқан емес. Оған, міне, тарих куә! Біз Әлихан Бөкейхан тағдырынан шын мәніндегі зиялылықты көреміз. Әлиханның табиғи талантын, темірдей берік айнымас көзқарасын дара тұлға ретінде шетелдік, әлемдік қоғамдық ұйымдар мойындап, бағалаған. Әлихан өз заманының аса білімді де білгір, терең ойлы, ірі қайраткері болған. Темір құрсау салынған біздің елдегідей емес, шетел ғалымдары мен тарихшылары Әлихан Бөкейханның қайраткерлік және шығармашылық қызметін ертеден-ақ жан-жақты зерттеп, оны «шығыстың шын мәніндегі ұлы тұлғасы» деп таныған. Америка тарихшысы Марта Олкоттың өткен ғасырдың 80-ші жылдары жарық көрген «Басмашылар немесе Түркістандағы 1918-1924 жылдардағы азаматтық көтеріліс» және «Қазақтар» деп аталатын еңбектерінде Әлихан Бөкейханның 1917-1926 жылдар арасындағы қайраткерлік қызметіне лайықты баға берілген. Шетел тарихшылары А.Бенниксен және Ш.Леммерсье Ә.Бөкейханды аса көрнекті оқымысты ғалым, әрі саяси қайраткер деп бағалай келіп, оны қазақ халқының ұлы мұраттары жолында күрескен ғажайып тұлға деп сипаттайды.

Алаш қозғалысының бастауында тұрған, ұлттың ұраншыл

көрсетті.

Қазақ жұртының тарихын мұқият қараған адам қай кезде болмасын үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол — халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес ел болу идеясы. Осы идеяны тұмар қылып ұстанған Әлихан Бөкейхан өз өмірін халқының азаттық жолына бағыттап, ғасырлар бойы атабабамыз армандап өткен тәуелсіздікті аңсағаны белгілі. Армандаған тәуелсіздік мынадай бес түрлі ұстанымдар арқылы жүзеге аспақ.

Ендеше, Әлихан Бөкейхан бастаған «Алаш партиясының» бес түрлі ұстанымдарына тоқталсақ:

—Бірінші ұстаным: Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен жер болуы тиіс. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейханның ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным: Жер—Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды.

—Екінші ұстаным: Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет ету керек. Ә.Бөкейханның

Ә.Бөкейханның жобасы бойынша «қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек», яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

—Төртінші ұстаным: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын.

—Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құру еді.

Алаш арысы Ә.Бөкейхан армандаған осы бес ұстаным жүзеге асты деуге болады.

Тәуелсіздік! Қасиетті де құдыретті осы бір ұғымның тереңіне зер салып, ой жіберейік.

«Тәуелсіздік» атты бұл төтті сөздің тұңғығындағы атабабамыздың ғасырлар бойғы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай-талай боздақтардың ұрпаққа қалдырған аманаты жатыр. Ұлы даланың жас перзенті — қалың қазақтың азаттық мұратындағы қасиетті күрестері, тағдыр талайы алға тартқан талай тар жол, тайғақ кешулері жатыр. Жаңа ғасырмен бірге келген ел Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы—азаттық ұранының ұрпағына ұлағат еткен бабалар

қалдырған асыл мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасары анық.

Иә, көк Туымыз асқақ желбіреп, Тәуелсіздігіміз салтанат құрғанына биыл жиырма бес жыл. Тарих үшін қас-қағым сөт, азаттық аңсаған Алаш баласы үшін ғасырдан қымбат, мың жылға шектелмейді. Ғасырлар керуенінен түзілген тарих қатпарларында халқымыздың әлі де толық қатталмаған том-том шежірелі тарихы бар. Өткенді білу—парыз. Әлихан Бөкейханның өнегелі өмірі жастарды адамгершілікке тәрбиелеп, Отанға, қазақ халқына, оның теңдесі жоқ салт-дәстүрлеріне, тұрмыс-тіршілігіне деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді. Әлиханның көтерген Алаш идеясының мәні бүгінде Елбасы құрған «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып келеді. Тәуелсіздік деген — төтті сезім. Тәуелсіздік—Алаш арыстарының, кешегі желтоқсандағы ұлтын сүйген жаны таза жастарымыздың сәулелі болашақ үшін өздерін құрбан етуімен келген жеңіс.

Әлихан атамыздай алып тұлғаның, көсемнің ұрпағы болғандықтан, біз, Қазақстан жастары, ұлы жетістіктерге жететінімізге сенімдіміз. Біз тәуелсіздік алған еліміздің дамуы мен өркендеуіне, халқымыздың бейбітшілігі мен бірлігі үшін аянбай тер төгеміз!

Альмира Ксан,
Тасарал ЖОББМ-нің
оқушысы.